

**«Симферополь ауылының жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Симферополь ауылы

«16» маусым 2025 жыл

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

Педагогикалық кеңес отырысы хаттамасынан үзінді:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/9/090625_122425_4-hattamadan-znd.pdf

Аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/20/200525_170015_byry-komissiyany-taayyndau.pdf

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Симферополь ауылының жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Симферополь ауылы, Жеңіс көшесі, 6

3) Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

8(71632)33449, эл.пошта: simferopol_osh@mail.kz, web-сайт: <http://sc0032.zerenda.aqmoedu.kz/>

4) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Искаков Базарбек Мамзинович «Ақмола білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Симферополь ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры қызметінде 2001 жылдың 27 тамызынан бастап жұмыс атқарады.
http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2023/6/19/190623_130848_direktordy-taayyndau-turaly-byry.jpg

5) Құқық белгілейтін және құрылтайшы құжаттары

Мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2023/6/16/160623_134908_svidetelystvo-o-gos-pereregistracii.pdf

Мектеп Жарғысы:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2023/6/16/160623_193128_mektep-gharlyy.pdf

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті Бурабай ауданаралық Әділет басқармасымен 2021 жылғы 15 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 04.02.1997 жыл, БСН: 970240004149. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Симферополь ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен бекітілген.

6) Рұқсат беру құжаттары

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы

хабарламаны жіберу туралы талон: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2023/6/19/190623_135307_izmeneniya-v-postanovlenie-na-mini-centr.pdf

білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2023/6/16/160623_133312_licenziya-osymsha.pdf

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Симферополь ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 2 ақпанда №KZ09LAA00021379 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген. «Симферополь орта мектебі жанындағы шағын орталықта мектепке дейінгі топтың жұмысын құру және ұйымдастыру туралы» 2016 жылғы 26 қыркүйекте №А-6/456 қаулы берілген.

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі.

«Аяжан» шағын орталығының және мектепалды даярлық сыныптың 2024-2025 оқу жылына оқу жұмыс жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/29/290425_172234_2024-2025-ou-ghmys-ghospary.pdf

2024-2025 оқу жылында «Аяжан» шағын орталығында кіші топ, ортаңғы және ересек тобы бар. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директоры Б.М.Искаковпен бекітілген.

Үлгілік оқу бағдарламасына сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жұмыс жоспарында толық қамтылған. Кіші топтың оқу жоспарында оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут, ортаңғы топтың оқу жоспарында оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут, ересек топта 20-25 минут көрсетілген.

2024-2025 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топтың оқу жүктемесі 20 сағат, оның ішінде инварианттық компонент – 20 сағат, вариативтік компонент көзделмеген.

2024-2025 оқу жылында оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут деп көрсетілген.

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Оқу жұмыс жоспары

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/29/290425_172234_2024-2025-ou-ghmys-ghospary.pdf

«Аяжан» шағын орталығының кіші тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/22/220425_092911_2024-2025-ksh-top-perspektivaly-ghospar.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/23/230425_124716_2024-2025-ortany-top-perspektivaly-ghospar.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/22/220425_093000_2024-2025-ersek-top-perspektivaly-ghospar.pdf

Перспективалық жоспар 0А сынып: [http://zeren-](http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/21/210425_173058_2024-2025-0a-perspektivaly-ghospar.pdf)

[simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/21/210425_173058_2024-2025-0a-perspektivaly-ghospar.pdf](http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/21/210425_173058_2024-2025-0a-perspektivaly-ghospar.pdf)

«Аяжан» шағын орталығының кіші тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_120538_2024-2025-ksh-top-ciklogramma.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_113600_2024-2025-ortay-top-ciklogramma.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек тобының перспективалық жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_121048_2024-2025-ersek-top-ciklogramma.pdf

0А сыныбының циклограммасы: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_160123_2024-2025-0a-ciklogramma.pdf

Үлгілік оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограмма қарастырылып, талдау жасалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық»,

«Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және олардың әрекет түрлері бойынша ұйымдастырылған. «Аяжан» шағын орталығы мен мектепалды даярлық тобының жылдық жұмыс жоспарынан

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау

1-қосымша: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/16/160625_131327_1-osymsha.pdf

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қол жуатын раковиналар, және т.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылғаны бейнеконтент арқылы көрсетілді.

Заттық дамытушылық ортаны құру балалардың даму мүдделеріне, олардың эмоционалдық әл-ауқатына әсер етеді. МЖМБС талаптарына сәйкес жабдықталған. Жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінен мектепалды даярлық сыныптың және шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы

тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы

«Аяжан» шағын орталығының кіші тобы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/27/270525_180150_2024-2025-ksh-top-gheke-damu-kartasy.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы тобы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_124000_2024-2025-ortay-top-gheke-damu-kartasy.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек тобы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/15/150525_123250_2024-2025-ersek-top-gheke-damu-kartalary.pdf

0А сыныбының жеке даму карталары: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/20/200525_154747_2024-2025-0a-balany-gheke-damu-kartasy.pdf

2024-2025 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. Мектепалды даярлық топтарда балалардың жеке даму карталары әрбір сала бойынша толтырылған.

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

«Аяжан» шағын орталығының кіші тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133251_2024-2025-monitoring-ksh-top.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133251_2024-2025-monitoring-ortay-top.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133300_2024-2025-monitoring-eresek-top.pdf

0А сыныбының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/20/200525_160055_2024-2025-0a-monitoring.pdf

«Аяжан» шағын орталығы мен мектепалды даярлық топтар тәрбиеленушілерінің бастапқы мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды.

Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг жүргізілетіні анықталды.

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

«Аяжан» шағын орталығының кіші тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133251_2024-2025-monitoring-ksh-top.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133251_2024-2025-monitoring-ortay-top.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек тобының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/10/100625_133300_2024-2025-monitoring-eresek-top.pdf

0А сыныбының бастапқы, негізгі және қорытынды мониторингісі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/5/20/200525_160055_2024-2025-0a-monitoring.pdf

«Аяжан» шағын орталығы мен мектепалды даярлық топтар тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша қорытынды мониторинг жүргізілетіні анықталды.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы
«Аяжан» шағын орталығының және мектепалды даярлық сыныптың 2024-2025 оқу жылына оқу жұмыс жоспары:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/29/290425_172234_2024-2025-ou-ghmys-ghospary.pdf

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтағы кіші, ортаңғы және ересек топтарында оқыту тілі – қазақ тілі. Мектепалды даярлық топ қазақ тілінде оқытылады.

2024-2025 оқу жылында «Аяжан» шағын орталығының кіші тобында максималды оқу жүктемесі – 9 сағат, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі – 9 сағат. Ортаңғы топта 12 сағат, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі – 11 сағат, вариативтік оқу жүктемесі – 1 сағат. Ересек тобында 14 сағат, оның ішінде инварианттық оқу жүктемесі – 12 сағат, вариативтік компонент – 2 сағат.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топтың оқу жүктемесі 20 сағат, оның ішінде инварианттық компонент – 20 сағат, вариативтік компонент көзделмеген.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

«Аяжан» шағын орталығының кіші топ тәрбиеленушілерінің тізімі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/23/230425_130306_2024-2025-ksh-top-trbielenushler-tzm.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің тізімі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/23/230425_130322_2024-2025-ortay-top-trbielenushler-tzm.pdf

«Аяжан» шағын орталығының ересек топ тәрбиеленушілерінің тізімі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/23/230425_130339_2024-2025-ersek-top-trbielenushler-tzm.pdf

Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің тізімі:

http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/21/210425_173919_2024-2025-0a-tzm.pdf

2024-2025 оқу жылында «Аяжан» шағын орталығына 1 қыркүйекте 20 бала

қабылданды. 1 қараша күні тағы 15 бала қабылданды. Олардың ішінде 15 бала кіші топқа, 11 ортаңғы топқа, 9 бала ересек топқа қабылданды.

2024-2025 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топқа 5-6 жастағы 13 бала қабылданды.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Оқу жылының басталуы туралы бұйрық: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/1/010425_171837_2024-2025-ou-ghylyny-bastaluy-turaly-byry.pdf

Оқу жылының аяқталуы туралы бұйрық: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/6/9/090625_131055_2024-2025-ou-ghylyn-ayatau-turaly-byry.pdf

Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар қарастырылып, талдау жасалды. Бағаланған кезеңдегі мектепалды даярлық тобы оқу жылы кезеңінде мектепалды даярлық топтарынан шығарылған немесе қайта даярлау сыныбында қайталап оқытылған балалар жоқ.

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/29/290425_172234_2024-2025-ou-ghmys-ghospary.pdf

Мектеп директорымен бекітілген 2024-2025 оқу жылындағы сабақ кестесі: http://zeren-simferopol.edu.kz/public/files/2025/4/1/010425_173242_2024-2025-ou-ghylyna-saba-kestes.pdf

Мектептің 2024-2025 оқу жылына МЖМБС талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестесі бар.

Симферополь орта мектебінің оқу жоспары келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

Оқу жоспары білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде әзірленді. Оны құру логикасы мектеп алдында тұрған негізгі міндеттерді - қоғамның игілігі үшін зияткерлік еңбекке қабілетті және дайын тұлғаның үйлесімді дамуын, оқу іс-әрекетіндегі оң мотивация мен дағдыларды, тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруды, мінез-құлық мәдениетін көрсетеді. Оған жалпы білім беретін мектептің барлық пәндері енгізілген. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде келесі ұсынымдар мен ережелер ескерілді:

1. "2024-2025 оқу жылындағы ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" әдістемелік нұсқау хат.

2. ҚР Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

3. ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР ӘМ-де 6.08.2021 жылы №23890 болып тіркелген).

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасы;

- 1 – сыныптағы "Көркем еңбек" пәні екі пәнге бөлінеді - "еңбекке баулу" және "бейнелеу өнері".

- Қазақ тілінде оқытатын 1-сыныпта «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныпта «Орыс тілі» пәні оқытылады.

- 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәні енгізіледі.

Сынып, сыныптан тыс (элективті және жеке сабақтар) және оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, оқушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР МЖМБС нормаларынан аспайды.

2024-2025 оқу жылында бастауыш сыныптарда 8 комплект бар. Оның ішінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптар – 4 комплект; оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптар – 4 комплект.

1-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік компонент – 1 сағат, «Көркем жазу» тақырыбындағы факультативтік курс.

2-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 22 сағат, вариативтік компонент - 2 сағат, «Жұмбақтар сандығы», «Математикалық сауаттылық» тақырыбындағы факультативтік курс.

3-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент - 1 сағат, «Жас математик» тақырыбындағы факультативтік курс.

4-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент - 1 сағат, «Математика әлемі» тақырыбындағы факультативтік курс.

1-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 20,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 20,5 сағат, вариативтік компонент оқу жоспарында берілмеген.

2-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік компонент – 1 сағат, «Развивай-ка» тақырыбындағы факультативтік курс.

3-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 26 сағат, вариативтік компонент оқу жоспарында берілмеген.

4-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 27 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 27 сағат, вариативтік компонент оқу жоспарында берілмеген.

5-9 сыныптар аралығында 8 комплект бар. Оның ішінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптар – 5 комплект; оқыту орыс тілінде жүргізілетін 6,7,8 сыныптар – 3 комплект.

5 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

6 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

7 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 31,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

8 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

9 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 34 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент – 1 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

6- сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 29,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 29 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

7-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

8-сынып (орыс тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 33,5 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент – 0,5 сағат, «Жаһандық құзыреттілік».

10-11 сыныптар аралығында 2 комплект бар. Оның ішінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 сынып – 1 комплект, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 сынып – 1 комплект.

10-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 34 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 3 сағатты құрайды. Вариативтік сағат есебінен «Жаһандық құзыреттілік», «Орта ғасырлардағы тарихи шығармалар», «Экономикалық география» тақырыптарындағы факультативтер жүргізіледі.

11-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі 34 сағатты құрайды, инварианттық оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 3 сағатты құрайды. Вариативтік сағат есебінен «Жаһандық құзыреттілік», «Елтану АҚШ», «Қазақ хандары» тақырыптарындағы факультативтер жүргізіледі.

Сабақ кестесі

2024-2025 оқу жылына арналған сабақ кестесіне сәйкес 1, 5-11 сынып оқушылары бірінші ауысымда, 2-4 сынып оқушылары екінші ауысымда

оқытылады. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымымен келісілген, мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарларына сәйкес құрастырылған.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

Инвариантты компоненттің оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу пәндерінің негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес өткізілді.

Электрондық журналдар жүйесінде ұзақ мерзімді жоспарлардың (КТЖ) болуы оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының орындалуының дәлелі болып «BilimClass» табылады.

«BilimClass» электрондық журналдың 2024-2025 оқу жылында жүргізілуіне мониторинг және талдау жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында мониторинг бойынша тақырыптарды қосу - 100%, сабақтарды өткізу – 100%, үй тапсырмасын толтыру – 99%, баға қойылу - 97%, жоспарлауды жүргізу-

"2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес мереке күндеріне түскен сабақтар басқа күндерге ауыстырылды. Бұл ретте сабақ тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Электрондық сынып журналдарында біріктірілген сабақтардың тақырыптары бір жолда көрсетілген.

2024-2025 оқу жылында инвариантты компоненттің барлық оқу пәндері бойынша бір жыл ішінде 1А, 1Б, 2А, 2Б, 3А, 3Б, 4А, 4Б, 5А, 6А, 6Б, 7А, 7Б, 8А, 8Б, 9А, 10А, 11А бағдарламаларды орындау 100% құрайды.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Симферополь ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша төмендегідей жобалар жұмыс жасайды.

Тамыз айы бойынша келесі жұмыстар жүзеге асырылады:

1. Мектеп балалар ұйымының жұмыс жоспарын талқылау және талқылауға ұсыну
2. Оқу жылының тәрбие жұмыс жоспарын қарастыру, талдау

3. Сынып жетекшілер ӘБ жұмыс жоспарын талқылау және таныстыру

4. №1 Қамқоршылық Кеңесінің отырыс

Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі формаларын ұйымдастыру.

Оқушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады. Мектептегі сабақ және сабақтан тыс жұмыстар тәрбие жұмысының сегіз бағыттары бойынша жүзеге асырылды, олар келесі құндылықтар жүйесін құрайды:

1.Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

2.Рухани-адамгершілік тәрбие.

3.Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мектепте құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы әртүрлі формалардағы іс шаралар арқылы ұйымдастырылып өткізіледі.

1	Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Ерлік сабақтары, әскери-патриоттық әндер байқауы, саптық әндер байқауы, салтанатты жиындар, кештер, экскурсия, саяхаттар, кездесу кештері, патриоттық челленджер, дебат, конференция,құқықтық кездесулер, дәріс, дөңгелек үстел, құқық айлығы, апталықтар: Қауіпсіз мектеп, қауіпсіз интернет, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ апталықтары.
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	Әдеби оқулар, эссе, шығарма байқаулары, әдеби, поэзия кештері, мүшәйра, тіл апталығы, алғыс айту акциясы, қайырымдылық акциялары, кітап көрмесі, оқырмандар конференциясы, волонтер қозғалысы, көрнекті тұлғалармен кездесулер,
3	Ұлттық тәрбие	Ұлттық ойындар жарыстары, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту ойындары. Наурыз мерекесіне арналған ашық тәрбие сағаттары, сынып сағаттары, көрмелер
4	Отбасылық тәрбие	Отбасылық эстафеталық ойындар, құқықтық лекторийлер, тренингтер, коучинг, «Отбасымен бірге оқу» челленджі
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Шығармашылық көрмелер, көгалдандыру жұмыстары, сенбіліктер, профориентациялық жұмыстар, тәрбие сағаты, саяхаттар, психологиялық тренингтер, Экодесант
6	Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие	Достық фестивалі, Алтын күз, Күзгі балл, күз жәрмеңкесі, қабырға газеттері, суреттер байқаулары, Жаңа жылдық шыршалар.

7	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Викторина, пікірталас, көңілді тапқырлар алаңы, Үздік мектеп парламенті байқаулары, үйірмелер
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Денсаулық фестивалі, спорттық, эстафеталық ойындар жарысы, ЖҚТБ-ға қарсы акция, тәрбие сағаттары, Темекі шегушіліктің алдын алу мен шектеу апталығы.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы ҚР-ның орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы ӘНХ-дағы жобалары негізінде, атап айтқанда сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды: 1) «Оқуға құштар мектеп» 2) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру».

Қазіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп Парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болса, оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда. Атқарылған жұмыстар туралы деректер инстаграмм парақшаларында салынады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 21 қазанындағы ІУ Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. «Оқу мәдениеті - өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы» деген түйін сөз бекер айтылмайды. Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында жоспарлы жұмыс атқарылуда. Оқырмандар үшін барлық жағдай қарастырылған.

Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстары бойынша. Сынып жетекшілердің жылдық жұмыс жоспары мектептің негізгі жоспарына сай құрылған. Сынып жетекшілердің сапалық құрамы жасалынып, ӘБ отырыстарының жоспары жасалды.

Жоспарға сай сынып жетекшілердің ӘБ отырыстары әлеуметтік педагог, педагог-психологтардың әдістемелік қолдауымен өткізіліп тұрады. Онда сыныптағы әлеуметтік жағынан осал отбасы, сәтсіз, көпбалалы, жетім, т.б. категориядағы балалармен жүргізілетін жұмыстар бойынша кеңестер, девиантты мінез-құлықты, тәуекел, қиын оқушылармен жұмыстарды жүргізу бойынша психологиялық әдістемелік кеңестер беріледі. Сонымен қатар, отырыстарда жұмысты жоспарлау, сынып сағатын өткізу, оқушылармен, ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру, жиналыстарды өткізу т.б. мәселелер бойынша тәжірибе алмасулар өткізіліп тұрады.

Әр тоқсан сайын педкеңесте тәрбие жұмысы бойынша есеп жасалынып, ұсыныстарға сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Отбасы тәрбиесін жандандыру. Ата-анамен жұмыс. Жыл бойы ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне қатыстыру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар мектеп кеңесінің жұмысына, семинарларға, сыныптан тыс іс-шараларға, ашық сабақтарға белсенділікпен қатысты. Жыл бойы қоғамдық тыңдаулар, құқықтық лекторийлер, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, өзіне-өзі қол жұмсау фактілерінің алдын алу мақсатында ата-аналар жиналысы, сынып жиналыстары жоспар бойынша өткізілді. Жиналыс барысында сынып жетекшілер топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізіп, лекция, педагог-психолог тарапынан тренингтер жүргізілді. Жиналыстар өз уақытында өткізіліп, ата-аналарға мектептің ішкі тәртібі жөнінде айтылып, жалпы ата-аналардың оқу-тәрбие саласындағы ролі, жауапкершілік, балаға уақыт бөле білу, мұғаліммен бірігіп жұмыс жасау қаралды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жайлы айтылды.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы – ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Мақсаты: балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

Міндеттері: 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру; 2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту; 3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023ж 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, ата-аналарға өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда көмек көрсету, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» 1-4 сынып білім алушылары, 5-8 сынып білім алушылары, 9-11 сынып білім алушылары ата-аналарына берілген тақырыпта тәжірибесі мол, шығармашыл ұстаздардың дайындығымен ата-аналар қауымына сабақ жүргізетін жұмыс тобының құрамы құрылды. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының” құрылуы туралы мектеп ұжымымен және ата-аналармен түсіндіру жұмысы жүргізілді. Ата-аналарды қолдау орталығының сабақ өткізу кестесі жасалды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысында аз қамтылған отбасы категориясындағы балалардың үй жағдайы тексеріледі, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер өткізіледі. Жайсыз отбасылардан шыққан оқушыларға үнемі бақылау жасалады. Әлеуметтік педагогтер мектепшілік бақылауда тұрған оқушыларға тәлімгерлік көрсетеді. Олардың сабаққа қатысуын қадағалап, бос уақыттарын ұйымдастырады.

«ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы», «АИТВ - инфекциясының алдын алу» тақырыбында жыл сайынғы акцияларға мектеп белсенділері қатысады. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып,

оларды қауіпсіз мінез - құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. Жастарды АИТВ-ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Осы мақсатты іске асыру сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, сынып сағаттар, үйірме сабақтары арқылы жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылы. «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық

пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас

қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі

жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – білім алушылар қатысуымен әр дүйсенбіде жалпы мектептік саптүзеу кезінде Мемлекеттік Әнұран орындалады. Сондай-ақ, мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған барлық жалпы мектептік іс-шаралар Әнұраннан бастау алады. Мақсаты: оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген терең құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың өз елі үшін мақтаныш сезімін, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру және дамыту.

• «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

Мектебімізде «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы аясында сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Мектеп психологы оқушылармен «Буллингтен қорған!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Оқушылар онлайн сауалнамаларға жауап береді. «Ойынға салауатты көзқарас», «Өмірге салауатты қадам», «Қоғамдық мүлікті қорға!» тақырыптарында оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тәрбие сағаттары өткізілді. «Қауіпсіз қоғам» бойынша 5-11 сынып оқушылар арасында жергілікті учаскілік инспектор кездесулер өткізді.

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. Үзіліс кезінде дене шынықтыру мұғалімдері және сынып жетекшілерінің бастамасымен ұлттық ойындар өткізеді. Мақсаты: оқушылардың бос уақытын пайдалы және қызықты ұйымдастыру.

